

ШАМШЫРАК



Түлкібас аудандық апталық қоғамдық-саяси газеті



2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы

2026 жылғы 11 ақпан

Қазақстан Республикасы Конституцияның 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы: «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?»

деген сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.

3. Осы Жарлық пен Конституцияның жобасы 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.

4. Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ.ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 11 ақпан № 1170.

ҰРПАҚ САНАСЫНДА ЖАҢҒЫРЫП ТҰРАТЫН БОЛАДЫ

Ер есімі - ел есінде

Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні жыл сайын елімізде 15 ақпанда аталып өтіледі. 1989 жылы дәл осы күні он жылға созылған (1979-1989) соғыс аяқталып, қан майданның ортасында болған әскерлер елге оралды. Бұл күн ардагерлер үшін қазан тапқан жауынгерлерді еске алу күні болып табылады.



Ауған соғысына Қазақстаннан 22 мың жауынгер қатысып, олардың 924-і сұрапыл соғыста қаза тапты. Қазіргі таңда елімізде 10 мыңға жуық Ауған соғысының ардагерлері есепте тұрады, олардың үш мыңдайы мүмкіндігі шектеулі жандар. Мұндай қасірет біздің ауданнан да өкінішке орай сырт айналып кете алмады. Мәселен, бір ғана Жаскешу ауылдық округінен майданға аттанған 7 жауынгердің екеуі ғана бүгінде аразымызда жер басып жүріп жатыр. Сол шейіт болған азаматтардың бірі – Әсілхан Пірәліұлы Манекеев еді...



Өмірден өткен жауынгер 1959 жылы қазан айының 7 жұлдызы күні Түлкібас ауданы, Жанұзақ ауылында дүниеге келді. Балалық шағы мен жастық кезеңі осы шағын елді мекенде өткен ол 1976 жылы Сейфуллин атындағы орта мектепті бітірген соң 1978 жылы әскери борышын атқаруға аттанады. Сол жылдың қазан айында Ауған соғысына жіберіледі. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін 1980 жылы «Кеңес әскерінің үздігі» төсбелгісімен марапатталады. Көптеген жорықтарда өзінің батылдығымен көзге түседі. 1980 жылы маусым айында аман-есен елге зор абыроймен оралады. 1980-1998 жылдары «Красная Звезда» колхозында шофер, колхоз тарағанда жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Құдай қосқан қосағы Нұрзада Тастанқызымен тату-тәтті ғұмыр кешіп, төрт перзент сүйеді. Олардан тараған 18 немеренің қызығын көреді. Ұрпақтарының өмірден өз орындарын табуына орасан үлесін қосады. 2024 жылы қыркүйек айында Ауған соғысының ардагері дүниеден өтеді.

Әйтседе, өмірден өтсе де ер «Есімі – ел есінде», - дегендей оның есімін ұлықтау мақсатында ұрпақтары ержүрек жауынгердің өмір жолдарын айғақтайтын Сейфуллин атындағы ЖББМ-нің бір сынып бөлмесін Ауған соғысы ардагерінің атымен атауды ұйғарып, жақында іске кіріскен еді. Ақпан айының 11 жұлдызы күні аталмыш білім ордасындағы Әсілхан Пірәліұлы Манекеев атындағы сынып бөлмесінің салтанатты рәсімі болып өтті. Салтанатты рәсімге Түлкібас ауданының Құрметті азаматы, зейнеткер Әлішер Мәуленқұлов, Жаскешу ауылдық округі әкімі Асқар Байысбаев, Сейфуллин атындағы ЖББМ директоры Нұрсерік Байжанов, Ауған соғысының ардагерлері Молдияр Өмірәлиев, Сергей Фолкин және интернационалист - жауынгердің туған-туысқандары, ағайындары, сыныптастары қатысты. Олар Әсілхан Пірәліұлының өмірдегі бейбіт жолдарын, майдан даласындағы ерліктерін, тіршіліктегі адами қасиеттерін, шаруашылықтағы еңбекқорлығын сағынышпен еске алды.

Одан кейін бүгінгі күн талабына сай заманауи жабдықталған жаңа сынып бөлмесінің ашылу рәсімі өтіп, оның алдындағы керілген лентаны байырғы ұлағаты ұстаз Әлішер Мәуленқұлов қиды. Осылайша Ауған соғысының ардагері Әсілхан Пірәліұлы Манекеев атындағы сынып бөлмесі келген қонақтарға, оқушыларға есігін айқара ашты. Иә, «Ер есімі – ел есінде», - демекші енді майдангер жауынгердің жарқын бейнесі кейінгі ұрпақ санасында мәңгі жаңғырып тұратын болады.

Орынтай КӨМЕКОВ.

Аудан әкімі Асқар Естібаев пен аудандық мәслихат төрағасы Серғали Сәрсенбаев бекітілген кестеге сәйкес азаматтарды жеке қабылдады. Әр аптаның сәрсенбі күні өткізілетін қабылдауда тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерін ортаға салды. Қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі тұрғын үй мәселесі бойынша жүгінді.



АУДАН ӘКІМІ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ

Аталған бағытта Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы (ЖКХ) бөлімінің мамандары тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, заң талаптарына сәйкес кеңестер берді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу үшін кезекте тұрған азаматтардың жалпы саны – 4599. Оның ішінде:

- жетім балалар – 88,
- көп балалы отбасылар – 1234,
- әлеуметтік осал топтар (I, II топ мүгедектігі бар азаматтар,

зейнеткерлер, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар, толық емес отбасылар, қандастар, ҰОС ардагерлеріне теңестірілгендер) – 1332, - бюджеттік сала қызметкерлері – 628,

- апатты үй тұрғындары – 3,
- санатсыз кезекте тұрғандар – 1314 азамат.

Апатты деп танылған 8 пәтерлі 6 тұрғын үй (барлығы 48 пәтер) бойынша 39 тұрғын жалдамалы пәтерлермен қамтылған. Қалған 7 тұрғынның тұрғын үйге мұқтаждығы

жоқ.

2025 жылы аудан бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 104 пәтер берілді. Сонымен қатар, қабылдау барысында мемлекет тарапынан берілген жер телімдеріне белгіленген мерзім ішінде тұрғын үй салу және нысаналы мақсатына сай пайдалану талаптары түсіндірілді. Бұдан бөлек, бірқатар әлеуметтік мәселелер көтеріліп, жауапты сала мамандары тарапынан заң аясында тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

143 БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



Аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Мұрат Әбілханұлы 2025 жылдың қорытындысы бойынша халық алдында есеп беру жиынын өткізді. Аудан әкімінің орынбасары Бакдәуір Кәлменнің төрағалығымен өткен жиынға аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері, мәслихат депутаттары, дербес бөлімдердің қызметкері, қоғам белсенділері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Жиын барысында полиция бөлім бастығы өткен жылы атқарылған

жұмыстардың нәтижесіне тоқталып, аудан аумағындағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бағытында жүзеге асырылған шараларды баяндады. 2025 жылы аудан көлемінде барлық бағыт бойынша 197 құқық бұзушылық тіркелген. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 13,9 пайызға артқан. Қылмыстың алдын алу және жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында өткен жылы аудан аумағында 38 бейнебақылау камерасы орнатылған. Сонымен қатар, облыстық полиция департаменті тарапынан ауданның ішкі көшелеріне қосымша 105 бейнебақылау камерасы қойылып, барлығы бірыңғай орталықтандырылған жүйеге қосылған. Қазіргі таңда аудандағы бейнебақылау камераларының жалпы саны 143-ке жетіп, бір орталықтан бақылауға алынған.

Жиын соңында тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға полиция бөлімі басшысы нақты жауаптар берді. Іс-шара барысында құқық қорғау саласында үздік нәтиже көрсеткен Түлкібас аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері марапатталды. Оларға аудан әкімінің орынбасары Бакдәуір Кәлмен, аудандық мәслихаттың төрағасы Серғали Сәрсенбаев, және полиция бөлімінің бастығы Мұрат Әбілханұлы арнайы алғыс хаттар табыстады.

Есеп беру жиыны құқық қорғау органдары мен халық арасындағы байланысты нығайтып, ашықтық пен жариялылық қағидаттарын дамытуға бағытталған маңызды алаң болды.

Түлкібас ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі.